

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАНУ - БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ МАМАНДАРДЫ САПАЛЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕЛЕУЛІ ҚҰРАУШЫСЫ

Ахметов А.К., Аманова Н.

Рассматриваются основные понятия экономического воспитания учащихся. Проводится системно-категориальный анализ экономического воспитания в советский период и в новых условиях перехода экономики на рыночные отношения.

We consider the basic concepts of education of students. A system-categorical analysis of economic upbringing in the Soviet period and under new conditions of economic transition to market relations.

Оқушыларды экономикалық тәрбиеудің негізгі ұғымдары қарастырылады. Кеңес дәуіріндегі және нарықтық қатынас орнағаннан кейінгі мезгілдегі экономикалық тәрбиеге жүелік-категориялық таладау жасалынған.

1. Педагогтың кәсіби қызыметін зерттеудің негізгі бағыттары:

- мұғалім қызыметінің негізгі құрылымдарын, оны кәсіби дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері;
- педагогтық білім берудің мазмұнының ғылыми анықтамасын беру;
- педагогикалық пәндерді оқыту нәтижесінде оқу-тәрбие үрдісін жақсарту жолдары;
- тұтас педагогикалық үрді теориясын оқыту болашақ мұғалімдер дайындаудың сапасын жақсартудың негізі;
- кәсіби дайындықтың тұлғаны құндылықтар жүйесіне бағыттаудың негізі екендігін тағайындау.

2. Жоғары білім жүйесінің көп деңгейлілігін тәжірибеге енгізудің педагогикалық негіздері; жоғары оқу орындарын басқару мен педагог мамандарды дайындаудың ғылыми негіздері; мұғалімдерді көпдеңгейлі дайындауда жекелеп оқыту мүмкіндіктері; жоғары оқу орындарында блок-модулік әдіспен оқыту; мұғалімдерді шағын комплектілі мектептерде жұмыс істеуге дайындау; физика пәні мұғалімдерін «Педколледж - университет» жүйесінде дайындау; «Педколледж - университет» оқу-әдістемелік кешенінің жұмысы; дене тәрбиесі факультеті студенттерінің кәсіби дайындығын зерттеу; инженер – педагог мамандарды үзіліссіз және көпдеңгейлі жүйеде дайындау (Ахметова Г.А., Сейтешев А.П./1/); жас физика мұғалімдерінің университеттерден кейінгі білімдерін көтеру; бастауыш мектептер үшін еңбек сабағы мұғалімдерін дайындау;

3. Мұғалімдердің білімін үзіліссіз жетілдіру; болашақ мұғалімдерді дайындауда мектеп – лицей және педагогикалық институттардың байланысы;

Студент жастарды нарықтық экономикаға бағдарлаудың негізгі ғылымдарының бірі – экономикалық тәрбие. Сондықтан экономикалық тәрбие теориясын жүйелі – категориялық талдау жасау қажет. Ғылыми әдебиеттерде бұл мәселе бағытында қарастырылатын ғылымдар: экономикалық тәрбие, экономикалық білім, экономикалық сана, экономикалық ойлау, экономикалық әрекет, экономикалық мәдениет, экономикалық сапа, экономикалық тәжірибе, экономикалық тәртіп, экономикалық дағды, экономикалық тұтыну,

экономикалық сұраныс, экономикалық мүдде. Осы келтірілген ғылымдардың жалпыламасы және ең жиі кездесетіні «экономикалық тәрбие».

Экономикалық тәрбиені ғалымдар жалпы тәрбиенің бөлігі ретінде қарастырады. Экономикалық тәрбие деп әрбір тұлғаның белсенді, шығармашылық және кәсіби түрде ұжымдық еңбекке араласуы, соның нәтижесінде өзіндік экономикалық қабілетті дамытуын қалыптастыруды айтады.

Теориялық тұрғыдан экономикалық тәрбие тұлғаның экономикалық дамудың негізгі заңдары мен заңдылықтарын игеруі нәтижесінде қоғамдық пайдалы еңбек үрдісіне белсенді түрде араласа білуі. Экономикалық тәрбие – қоғам мүшелерінің саналы түрде қоғамдық еңбек үрдісіне араласуы және қоғамның ілгерілемелі дамуына өз үлесін қосуы.

Кеңейтілген түрде экономикалық тәрбие қоғамның барлық жүйелерінің өмірде экономикалық қатынастарды орнатуы, ол үшін саналы түрде ақпарат құралдарының, радио мен теледидардың, кино мен театр искусстволарының мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Бұл ақпарат құралдары қоғам мүшелерінің білімдерін, дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға, ойлау қабілеттері мен ынталарын, тәртіптері мен әрекеттерін қоғам мүддесіне қарай жетілдіруге көмектеседі. Экономикалық тәрбие үрдісінде, зерттеушілердің байқауы бойынша, тұлғаның тәртіптілік, үнемділік, өзін ұйымдастыра білуі, жауапкершілік, пайдалы істерге ден қоя білуі сияқты қасиеттері дамып жетіледі.

Экономикалық тәрбиемен тығыз байланысты ғылым – экономикалық тәртіп. Бұл термин сыртқы экономикалық ортадағы қатынастарға байланысты тұлғаның экономикалық іс-қимылдары жүйесі, экономикалық заңдар аясындағы саналы әрекеттері. Тұлғаның экономикалық тәртібі оның әлемге көзқарасының қалыптасу деңгейіне, қоғамдағы қарым-қатынастар заңдылықтарын білу мәдениетіне байланысты.

Н.Л.Клепач, В.Д.Попов, Л.Е.Эпштейн /2/ экономикалық тәрбиенің негізі қоғамның жеке тұлғаға оның білімін, дағдысын және біліктілігін арттыру мақсатында жүйелі түрде әсер етуінде деп анықтайды. Ең бастысы осындай әсер нәтижесінде қоғамның өз мүддесіне сәйкес тұлғаның ойлау дәрежесі мен іс-қимылдарының қалыптасуы. Бұл үрдіс қоғамның әр бір мүшесінің өзін ұжымның бір бөлігі екендігін түінуіне, қоғамдық меншікті сақтауы және көбейтуіне тырысуына, мемлекеттің экономикалық саясатына сай қызыметтер жасауына байланысты.

Попов В.Д. есептеуінше, экономикалық тәрбие деп қоғамның әр бір мүшесіне қазіргі экономикалық ойлар мен дағдыларға сай бағытталған және жоспарлы ұйымдастырылған әсер етуді айтады /3/.

Аменд А.Ф. экономикалық тәрбиені адамдардың өз қызыметіне мемлекеттік көзқараспен қарауы, экономикалық дұрыс ойлауы, қоғам өміріндегі ішкі және сыртқы өзгерістерге экономикалық баға бере алуы, техникалық жаңалықтарды қабылдай білуі, өзі таңдаған мамандықтың қоғамдық маңызын түсінуі деп санайды /4/.

Экономикалық тәрбие, Н.А.Хроменко бойынша, оқушыларды тәртіптілікке, қанағаттылыққа, өзін қожайын санауына үйретеді. Ол тұлғаның ұжымда еңбек етуі мен тұруына, жұмысының сапасы мен үнімділігін

арттыруға, жеке басы мен қоғамдық мүддені салыстыра алуына көмектеседі /5/.

Экономикалық тәрбие жүйелі, жоспарлы, белгілі бір анықталған мақсатқа бағытталған, болашақ маманды шаруашылықтың әр түрлі салаларында экономикалық әрекеттер жасауға үйрететін педагогикалық үрдіс.

Педагогикалық басылымдарды сараптау нәтижесінде өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін экономикалық тәрбие мәселесіне бағытталған әдейі зерртеулердің болмағаны анықталды. А.А.Нисимчук және И.А.Сасова барлық экономикалық тәрбие жайындағы зерттеулерді үш периодқа бөлуді ұсынады: 1-ші период – 1960 – 1970 ж.ж., 2-ші период – 1970 – 1980 ж.ж., 3-ші период – 1980 – 1995 жылдар.

Бірінші периодта тұлғаны экономикалық тәрбиелеу теориясының дамуы мен педагогикалық теориялар жүйесінде тәжірибе мен әдістеменің байланысы анықталады.

Екінші период оқушыларды экономикалық тәрбиелеудің теориясы мен практикасының толық дамуы және теорияны тәжірибеге енгізумен сипатталады.

Үшінші периодта оқушылардың экономикалық тәрбиесінің теориялық-әдістемелік қырларын зерттеу жұмыстары көбейеді, теорияның практикада жүзеге асуының маңызы көтеріледі.

Бірінші периодқа В.М.Близнюктің, Л.Е.Эпштейннің, И.А.Ломоносовтың, Л.П.Мельниковтың, А.А.Фроловтың, Ю.Ф.Томбовскийдің, Ю.П.Сокольниковтың еңбектері жатады /6-9/. Бұл жұмыстарда экономикалық тәрбие мәселелерінің әртүрлі аспектілері қарастырылды. В.И.Близнюк – болашақ ұрпақтың еңбекке коммунистік көзқарасын қалыптастырудағы білім мекемелері мен жұмыстық ұжымдардың арасындағы байланысты; Ю.П.Сокольников – қоғамдық пайдалы еңбектің тұлғаны қалыптастыруға әсерін; А.А.Фролов – оқушыларды тәрбиелеудегі моралдық және материалдық ынталандырудың ролін қарастырды.

Осы жұмыстардың ішінде Л.Е.Эпштейннің тәрбие үрдісіндегі экономикалық факторларды қарастыруы елеулі құнды еңбекке жатады. Оның ойы бойынша экономикалық қатынастар қоғамдық мүлік пен маманданған жұмысшы күштерінің қалыптасуына тікелей әсерін қамтитын іс-қимылдардың негізгісі болып табылады. Л.Эпштейннің экономикалық қатынастар тауардың өндірілуі, өндірісті басқару, тауар – ақша айырбасы, жоспарлау, еңбекті ұйымдастыру сияқты экономикалық әрекеттердің негізінде жатыр деген тұжырымы аса құнды пікір болып табылады. Оның тәрбиенің мақсаты мен тұлғаның мұқтаждықтары арасындағы байланысты тағайындауға тырысуы да көңіл аударуды қажет ететін елеулі көзқарас /8/.

Экономикалық тәрбиені жалпы еңбек тәрбиесінің бөлігі ретінде қарастыруына қарамастан, Л.Эпштейн экономикалық тәрбиеліліктің негізгі критерийлерін: үнемділік, есепкерлік, пайданы болжау сияқты ұғымдарды енгізді. Оның түсінуі бойынша, әрбір мектептің өзінің есеп-шоты болуы керек, шоттағы ақшаны бөлуге оқушыларды қатыстыру керек. Жалпы, оқушылар мектеп қабырғасынан бастап ақша таба білуі, ақшаның қандай еңбекпен келетіндігін бағалай алуы қажет.

Жүргізілген талдаулар экономикалық тәрбие мәселесінің педагогикалық ғылымда біртіндеп жоғары сатыға көтеріле бастағандығын көрсетеді. Зерттеушілер экономикалық тәрбиенің категориялық түсініктеріне, теориялық әдістемелік негіздеріне көңіл аудара бастады. Экономикалық тәрбиенің негізі - қоғамдағы экономикалық қатынастар - психологиялық және педагогикалық тұрғыдан талқылана бастады.

Екінші период экономикалық тәрбиенің арнайы мәселелерімен қатар комплекстік маңызды мәселелерінің қаралуымен сипатталады. Экономикалық білім мен тәрбиенің жалпы сұрақтары А.Ф.Амендтің, Г.П.Александровтың, Н.Ф.Тупикинаның, Л.М.Нульманның, О.В.Плахотниктің, А.Т.Шпактың еңбектерінде /4,15/ қарастырылды.

Оқушылардың еңбек сабағы мен қоғамдық пайдалы жұмыстарындағы экономикалық білім мен тәрбиенің маңызы М.Л.Малышевтың, Л.П.Фридманның, А.Х.Сатаровтың, Ю.П.Сокольниковтың, О.Б.Сокольскаяның, И.Б.Первиннің, Х.Р.Матекубовтың, Е.А.Рыкованың еңбектерінен табуға болады. Осы келтірілген еңбектердің ішінде бұрын жасалынған жұмыстарға шолу жасап, алға қарай қозғалыстардың мүмкіндігін қарастырған Б.П.Шемякин болды. Автор экономикалық тәрбиеге жана – «экономикалық әзірлік» ұғымын енгізуді ұсынды. Ол бұл ғылымның негізгі мінездемесін беріп, оқыту үрдісіндегі орнын қоғамдық пайдалы жұмыс, көрнекілі үгіт және материалдық құндылыққа саналы көзқарас арқылы қарастырды. Өз жұмысында Б.П.Шемякин оқушылардың ұқыптылық, үнемділік, шаруашылдық, іскерлік сияқты тұлғалық қасиеттеріне көңіл бөліп, олардың қоғамдық қажеттілігін баса көрсетті /12/.

Экономикалық тәрбиенің теориясы мен практикасына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – М.Л.Малышев. Ол экономикалық тәрбиенің түрлері мен әдістерін оқушылардың өндірістегі еңбек үрдісінде қарастырды. Ол оқушылардың экономикалық тәрбиесінің пәрменділігі ең алдымен олардың жоспарлау, есеп және тексеру саласындағы экономикалық білімдеріне, оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбекке араласуына, өндірісті жетілдірудегі шығармашылдық белсенділіктеріне байланысты деп тұжырымдады.

М.Л.Малышев экономикалық тәрбиенің нәтижелілігі еңбек үнімділігінің артуына, өнімді шығаруда кететін шығындарды есептей білуге, өндірісті дамытуға талпыну сияқты ғылымдарға байланысты екендігін көрсетті. Бұл жұмыстың өте құнды екендігіне шұба келтірместен оның өз мезгіліне сай, жоспарлы социалистік экономика заманында орындалғанын ескеру қажет. М.Л.Малышевтің оқушының шығармашылдық белсенділігі қоғамдық өндіріске араласуына байланысты деген тұжырымымен де келіспеуге болады. Сонымен қатар ол ұсынған экономикалық тәрбиенің көрсеткіштері де дау туғызады.

М.Л.Малышев жұмыстарының кеңдігі мен тереңдігіне, әсіресе экономикалық тәрбие жғмыстарының мазмұнына келісе отырып, осы тәрбиенің оқу үрдісіндегі орны мен оқушылардың оны қалай қабылдайтыны жайындағы мәселелердің ашылмай қалғандығы байқалады. Тұлғаның экономикалық тәрбиеге мұқтаждық дәрежесі де бұл еңбектерде жеткілікті қарастырылмаған /11/.

А.С.Прутченков экономикалық тәрбиені оқушының экономикалық қатынастар мен экономикалық іс-қимылдардың әр түрлеріне жүйелі түрде ену

үрдісі, яғни тұлғаның экономикалық біліміне, экономикалық дайындығына, экономикалық елеулі қасиеттерінің орнығуына байланысты деп қарастырады. Ол экономикалық дайындылыққа – экономикалық іскерлік ойындарға, мәселелі ситуацияларға, өндірістің күрделі элементтерін түсінуіне оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі сатыда әр түрлі бейімделеді деп санайды. Бұл жұмыстың тағы бір құндылығы – экономикалық дайындықты жасалуы керек жұмысты жоспарлау, болжау сияқты ұғымдармен байланыстыру болды. Ал, тұлғаның экономикалық жеткілікті белгілерінің орнығу мәселесі А.Прутченков еңбектерінде әлсіз қарастырылған. Автор келтіретін еңбекқорлық, ұжымға ену, үнемділік, іскерлік пен ұйымшылдық сияқты белгілерді толығынан экономикалық категориялар деп қарастыру қиын /14/. Бұл белгілердің тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсері мүлдем қарастырылмаған. Экономикалық білім мен әрекеттерді оқушы формалды түрде қабылдап, оның кейінгі саналы өміріне бұл білімдердің ешқандай әсері болмауы да мүмкін.

О.В.Плахотник экономикалық тәрбие мәселелерін экономикалық және әлеуметтік география курстарының мүмкіндіктері арқылы қарастырады. Автор экономикалық тәрбиені іске асыруды экономикалық және әлеуметтік география сабақтарын оқыту үрдісінде оқушылардың экономикалық түсініктерінің қалыптастыруымен байланыстырады.

Ғалымдардың арасында қызу талқылауды тудырған мәселенің бірі - экономикалық тәрбиенің басқа тәрбие жғмыстарының арасындағы орны.

Егер Л.Е.Эпштейн экономикалық тәрбиені еңбек тәрбиесінің бір бөлігі ретінде қарастырса, И.Б.Иткин керісінше экономикалық тәрбие алдына басқа мақсаттар қоятындықтан оны еңбек тәрбиесінен мүлдем бөлек деп есептейді. Ю.К.Васильев өзінің «Оқушылардың экономикалық білімі мен тәрбиесі» атты кітабында коммунистік тәрбиенің саяси-идеялық, еңбек, патриоттық тәрбие сияқты құраушыларының ішіне экономикалық тәрбиенің кірмейтіндігін көрсетеді. Автор экономикалық тәрбиені политехникалық тәрбиенің аса маңызды құраушысы ретінде қарастыруды ұсынады /7-9/.

П.А.Шемякин экономикалық тәрбиені еңбек, саяси - идеялық, эстетикалық тәрбиелер сияқты өзара диалектикалық бірлікте болатын жалпы тәрбинің құраушы бөлігі ретінде қарастырады. Оның ойы бойынша бұл одақта негізгі роль экономикалық тәрбиеге жатады, себебі қоғамдағы экономикалық қатынастар тұлғаны тәрбиелеу барысындағы қоғамдық-тарихи тәжірибенің негізін қалайды /12/.

Сонымен осы периодтың негізгі ерекшелігі - зерттеушілердің экономикалық іс-әрекеттерді өз алдына бөлек, тұлғаның экономикалық қатынастарда қызмет қылуы мүмкіндігін қалыптастырудың маңызды құралы екендігін мойындауы. Экономикалық тәрбиені іс-әрекеттік категория деп түсіну педагогикалық жүйелерді дамытуға, оларды әдістемелік тұрғыдан алға жылжытуға әсерін тигізді.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдары экономикалық білім мен тәрбие мәселесінің, партия мен үкіметтің қайта құру, қоғамды демократияландыру мен ашықтыққа бет бұруына байланысты, оның әр түрлі жақтарына талдау жасала бастады.

Мектептерде әр түрлі ғылымдардың негіздерін үйрету үрдісі мен сабақтан тыс мезгілдерде оқушылардың экономикалық білімі, біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуы мәселелеріне көңіл бөлген ғалымдар Ю.К.Васильев, В.К.Левчук, Т.В.Нездомская, А.С.Нисимчук, Ш.Музенитова, М.Анарбаева, П.А.Хроменков, И.С.Сасова, К.Г.Колесова тағы басқалары болды.

А.С.Нисимчук зерттеулерінде экономикалық дайындықтың мақсаты, мазмұны, әдістері мен түрлеріне қоғамда орын алып келе жатқан жаңа экономикалық жағдайлар тұрғысынан талдау жасауға тырысу байқалады. Бұл жұмыстарда экономикалық тәрбиеге құндылықтар теориясы негізінде талдауға талпыныс жасалған. Өкінішке орай автор бұл мәселелерді толық аша алмаған, бірақ осы талпыныстың өзі Нисимчук еңбектерінің маңызды екендігін көрсетеді. Нисимчук экономикалық тәрбиені қоғамның әр бір мүшесінің жан-жақты дамуының, тұлғаның болашақ экономикалық іс-әрекетінің негізгі құраушы құндылықтарының бірі деп түсінеді /16/.

Автордың ойы бойынша экономикалық тәрбиені жүргізудің негізгі бағыттары:

- оқу үрдісі бойында оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыру;
- ауыл шаруашылығы еңбегі сабақтарының тиімділігін арттыру арқылы;
- оқушылардың өндірістік, қоғамдық пайдалы еңбектері нәтижесінде;
- мектептің, жан-ұяның қоғам мүшелерінің өзара байланысы.

А.С.Нисимчук еңбегінің тағы бір назар аударатын жері – қоғамдық психологияда көптеген жылдар бойы орын алып келген пайда, кіріс, жеке меншік, адамның бас пайдасы сияқты ұғымдарға теріс көз қарасты өзгерту керектігінің қарастырылуы. Бірақ автор өзіне дейінгі зерттеушілер сияқты экономикалық тәрбиенің мазмұнына формалды түрде үнемшілдік, еңбекқорлық, тәртіптілік, іскерлік сияқты тұлғаның экономикалық қасиеттерін сипаттайтын маңызды параметрлерді енгізеді де, оларға терең талдау жасамайды. Тұлғаның қалыптасуына бұл тәрбиенің тигізетін әсері де үстіртін қарастырылады.

Жаңа экономикалық қатынастар жағдайында экономикалық дайындықтың мазмұнын, әдістері мен түрлерін теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуге тырысқан еңбектердің ішінде И.С.Сасова жұмыстары көңіл аударуға тұрарлық. Автор экономикалық дайындық ұғымын экономикалық тәрбие мен экономикалық білімнің жиыны деп қабылдап, оны экономикалық біліктілік пен дағдылардың үрдісі, тұлғаның экономикалық елеулі қасиеттерінің: экономикалық ойлаудың, экономикалық тәртіптің қалыптасуы және осының нәтижесінде тұлғаның қоғамдағы материалдық игіліктерді тұтыну, айырбастауы нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық қатынастарға белсене араласуы деп түсінеді /13/.

Бұл жұмыстың негізгі ерекшелігі И.С.Сасова экономикалық дайындықтың педагогикалық және экономикалық критерийлерін енгізу нәтижесінде оның маңызды екі функциясын анықтап, оған талдау жасайды: **әлеуметтік – педагогикалық тұлғаның экономикалық білімдерді игеруі, экономикалық ойлауы мен экономикалық елеулі қасиеттерінің қалыптасуы, шаруашылық - өндірістік еңбек нәтижесінде белгілі бір экономикалық жетістіктерге жету мақсатын қою.**

Автор жұмысында тұлғалардың жас ерекшеліктеріне қарай экономикалық дайындықтың әр түрлі сатыларының мазмұнын, игеруге қажетті экономикалық ұғымдардың жиынын, социалистік өндіріс экономикасы жайындағы факультативтік сабақтардың мәтінін келтіреді. И.С.Сасова зерттеуінің негізгі мақсаты – экономикалық білімнің, пен дағдылардың жаңа мазмұнын құрастыру, экономикалық тәрбиенің тиімді формалары мен әдістері арқылы мектеп бітірушілердің болашақ өмірлерінде өз беттерімен экономикалық іс-әрекеттер жасауға үйренуге дұрыс педагогикалық басқаруды ұйымдастыру. Сонымен қатар автор ұсынатын экономикалық білімнің мазмұны қазіргі өзгермелі уақыттың талабын қанағаттандырмайтындығын және зерттеудің негізгі мақсатының тек тұлғаның тұтынысы, мұқтаждықтарымен ғана шектелетіндігін байқауға болады.

Жұмыста оқушылардың экономикалық дайындықтың қажеттілігін бағалай білу мәселесі нақты қарастырылмайды, осының нәтижесінде тұлғаның когнитивтік және тәртіптік қызығушылықтарының аймағы көрсетілмеген. Сонымен қатар тұлғаның іс-әрекеті оның қоғамдағы белсенділігі мен азаматтық көзқарасының нәтижесі екендігін жұмыстан байқау қиын. И.С.Сасова зерттеуінен тұлғаның тәрбие нәтижесінде қалыптасатын қасиеттері оның ішкі дүниесі қызыметінің салдары болуы екендігі де көрінбейді.

Тәрбиені құндылықтармен алмастыру, оны игеру, тұлғаның құндылық қызығушылығын қамтамасыз ету деп түсінетін педагогика ғылымының жаңа бір саласы – аксиологиялық теория.

Осы бағыт аумағында М.Қадыровтың оқушыларды нарықтық экономика моделіне бағдарлауға бағытталған еңбектері назар аударуға тұрарлық. Диссертацияда экономикалық тәрбиенің мазмұндық – бағыттық негіздері тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен мүдделерін Г.К.Нұрғалиева ұсынған моделдеу технологиясы арқылы қарастырылған /17/.

Аксиология теориясын әдістемелік негіз ретінде қабылдап экономикалық тәрбиені жан-жақты талдайтын жұмыстар да кездеседі.

Сонымен мәселені тарихи тұрғыдан терең талдау нәтижесінде экономикалық тәрбиенің өз алдына бөлек ғылым ретінде 20 – шы ғасырдың 60 –шы жылдарында дами бастағандығын көреміз. Оған дейін экономикалық тәрбие еңбек тәрбиесінің бір бөлігі ретінде түсініліп келді.

Ғылымдардың әдістемелік негіздерінің, оның ішінде педагогикалық ғылымның әдістемелері дамыған сайын көптеген әдістемелік мәселелердің терең талдау жасала басталғандығын байқауға болады. Осылардың алдыңғы қатарына экономикалық тәрбие теориясының негізгі ұғымдары мен түсініктерін жетілдіру, оны педагогика мен психологияның қазіргі деңгейімен оңтайластыру жатады.

Қазіргі уақытта салыстырмалы түрде терең талдау жасалған ұғымдардың қатарына «экономикалық тәрбие», «экономикалық дайындық», «экономикалық іс-қимыл», «экономикалық ойлау», «экономикалық мәдениетті» жатқызуға болады (М.Л.Малышев, А.С.Нисимчук, И.С.Сасова, П.А.Шемякин т.б.). Бірақ әр түрлі авторлардың арасында ұғымдардың жалпыға бірдей, барлық зерттеушілер де келісетін анықтамалар кездеспейді. Біздің ойымызша бұл қазіргі уақыттағы педагогика ғылымында оның негізгі ұғымдарға деген әлі күнге дейін талас тудырып келе жатқан көзқарастардың салдары. Бұл педагогиканың адам

болмысын зерттейтін ғылым және ұғым мәселесінің қалыптасуы оның диалектикалық дамуының динамикасына байланысты екендігін көрсетеді.

Экономикалық тәрбие теориясының әдістемелік негізін қалауда тәрбие үрдісінің заңдылықтарын терең талдап, экономикалық тәрбиенің қажеттілігі мен ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажет.

Осыған дейін біз талдаған маңызды жұмыстар (А.С.Нисимчук, И.С.Сасова) экономикалық тәрбиенің бұдан ондаған жылдар бұрынғы деңгейін көрсетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан және тәуелсіз елдер ынтымақтастығының басқа да мемлекеттерінде жаңа экономикалық қатынастар орнауда және осыған байланысты қоғамның әлеуметтік дамуының көптеген заңдары мен заңдылықтары өскелең өзгерістер үстінде. Жаңа нарықтық экономикалық қарым-қатынастарда халықтың менталитеті, оның экономикалық санасы, этникалық ерекшеліктері сияқты мәселелерге үлкен көңіл бөлу қажет.

Нарықтық экономика жағдайындағы экономикалық тәрбиеде тұлғаның ішкі және сыртқы дамуларының ерекшеліктері арасындағы қатынасты анықтау маңызды мәселеге айналады. Бұл талдауда біздің ойымызша негізгі құраушы - адам дамуының маңызды көзі және шарттары болып табылатын сыртқы әсерлер мен жағдайларды және осы әсерді тұлғаның өзінің ішкі дүниесі арқылы қабылдауының педагогикалық инструменттерін анықтау.

Соңғы жылдары бұл сұрақта елеулі өзгерістерді байқауға болады: тұлға дамуының ішкі факторларының маңызын көтермелеу және оған әсер ететін сыртқы факторлардың ролін төмендету, оны «өрескел ұмтылыс» деп бағалау. Сондықтан экономикалық тәрбие үрдісінің педагогикалық инструменттерін анықтау аса маңызды мәселеге айналады.

Әдебиеттер:

1. Сейтешев А.П., Ахметова Г.А. Профессиональная направленность личности; Теория и практика воспитания. –Алматы; Наука, 1999. -336 с.
2. Клепач Н.Я. Попов В.Д., Эпштейн Л.Е. Экономическое воспитание масс. Организация и эффективность. –М.: Экономика, 1979. -223 с.
3. Попов В.Д. Экономика плюс педагогика: Очерки об экономическом воспитании молодежи. –М.: Молодая гвардия, 1986. -288 с.
4. Аменд А.Ф. Пути совершенствования экономического воспитания учащихся; Автореф. дис. ... канд.пед.наук. –Челябинск, 1975. -23 с.
5. Хроменков Н.А. Образование. Человеческий фактор. Общественный прогресс. –М.: Педагогика, 1989. -192 с.
6. Мельников Л.П. Некоторые экономические вопросы в воспитании учащихся средней общеобразовательной школы: Автореф. дисс. ... канд.пед.наук. – Калинин, 1986. -18 с.
7. Васильев Ю.К. Теория и практика подготовки будущих учителей к осуществлению политехнического образования: Автореф. дисс. ... докт.пед.наук. –М., 1979. -50 с.
8. Эпштейн Л.Е. Экономические факторы воспитания коммунистического отношения к труду: Автореф. дис. ... докт.пед.наук. –Свердловск, 1967. -38 с.

9. Иткин И.В. Экономическое воспитание как социальная категория //Вопросы экономического воспитания. –Челябинск, 1975. –Вып. 5, с.38-43
- 10.Плахотник О.В. Экономическое воспитание старших школьников в условиях перестройки общеобразовательной школы: Дисс. ...канд.пед.наук. –Киев, 1989. -214 с.
11. Малышева М.Л. Экономическое воспитание учащихся 1Х-Х классов в процессе производительного труда: Автореф. ... дисс. канд.пед.наук. –М., 1982. -16 с.
12. Шемякин Б.П. Экономическое воспитание школьников: Вопросы теории и методики. –М.,: Педагогика, 1986. -96 с.
13. Сасова И.С. Теория и практика экономической подготовки школьников к труду в новых условиях хозяйствования: Дис.... Докт.пед.наук.-М., 1989. - 414 с.
- 14.Прутченков А.С. Экономическое воспитание старших подростков в первичном трудовом коллективе школьников: Фвтореф. Дисс. ... канд.пед.наук. –М., 1990. -22 с.
- 15.Тупикина Н.Ф. Формирование учащихся экономических понятий в школьном курсе экономической географии СССР. Автореф. дис. ... канд.пед.наук. –М., 1985. -17 с.
- 16.Нисимчук А.С. Педагогические основы экономического воспитания учащихся в сельской общеобразовательной школе. Аврореф. дисс. ... докт.пед.наук. –Киев, 1990. -48 с.
- 17.Нургалиева Г.К., Қадыров М. Система ценностного ориентирования учащихся. –Алматы: АГУ им. Абая, 1993. -122 с.